

№ 11 (201)
ҚАРАША 2024 ЖЫЛ

АІВҮН

Республикалық әскери-патриоттық журнал



SARBAZ.KZ





МАЗМҰНЫ:

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ
КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ 4

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ
БАСПАСӨЗІ 6

САПАРҒАЛИ
ЖАҒЫПАРОВ:
ӘСКЕРИ
ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ
ОРНЫ ЕРЕКШЕ 10

ЦИФРЛАНДЫРУ –
ЗАМАН ТАЛАБЫ 16

ЧЕРЕЗ АРМИЮ – К УСПЕХУ 20

ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЕ
НАСЛЕДИЕ УЛУСА ДЖУЧИ:
ИСТОКИ И ФЕНОМЕН
КАЗАХСКОЙ
ГОСУДАРСТВЕННОСТИ 23

«БАЛДӘУРЕН» – НАҒЫЗ
АРМАН АРАЛЫ 28

ӘСКЕРИ МЕДИЦИНАНЫҢ
МАЙТАЛМАН МАМАНЫ 32

«ДУХОВНАЯ СИЛА
СИЛЬНЕЕ
ФИЗИЧЕСКОЙ...» 36



4



10



16



23



32



20



28

АҮБЫН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров

Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова

Фархат Кинжитаев

Алуа Искакова

Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова

Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан

Құрманғалиевтің

фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Долақа ана
көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер
рецензияланбайды және авторларға
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы
30-сәуірде №5341-Ж күәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы ____ дана. Тапсырыс № 11

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Министрдің орынбасары бұқаралық ақпарат құралдарының адам құндылықтары жүйесін қалыптастырудағы, патриотизм, азаматтық және Отанға қызмет етуге дайын болу сияқты қасиеттерді тәрбиелеудегі рөліне тоқталды.

– Қарулы Күштердің бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуына офицерлер Виль Рахманқұлов, Алтынбай Дәуренбеков, Сапарғали Жағыпаров, Совет Сейітов, Александр Бавтуто, Марат Нұрсейітов,

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 8 ҚАРАШАСЫНДА ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНДЕ ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ РЕСМИ ТҮРДЕ АТАП ӨТІЛДІ. ОНДА ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ШАЙХ-ХАСАН ЖАЗЫҚБАЕВ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІМЕН, ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН, ОПЕРАТОРЛАРМЕН, ФОТОГРАФТАРМЕН, ДИЗАЙНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ БЕЙНЕМОНТАЖ МАМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.

Құттыбаев, Әбубәкір Смайылов, Сәндібай Күмісбеков, Жүніс Омар, Құдайберген Медиманов,

Қанапьянов, Марат Жүніс-Бек, Мұхарбек Махамбет, Қарулы Күштердің қызметкері Гүлмира Тойболдина және

деп ол ардагерлердің әскери журналистиканың дамуына сіңірген еңбегін атап өтті. Бүгінде Қарулы Күштердің



қызметі туралы кең аудиторияны хабардар етуді және жұртшылықпен байланысты Қорғаныс министрлігінің, Қарулы Күштер түрлерінің, әскери жоғары оқу орындары баспасөз қызметтерінің және Медиа-контент орталығының мамандары жүзеге асырады.

Генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев Қорғаныс министрлігінің шығармашылық ұжымына жемісті жұмыс және жаңа идеялар мен жобаларды іске асыруда табыс тіледі.

Естеріңізге сала кетейік, қорғаныс ведомствосының қолдауымен «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы жарыққа шығады. Қорғаныс ведомствосының «Әскери дискурс» практикалық



семинары танымал болып келеді. Ведомствоның барлық баспасөз қызметі бөлімшелерінің үйлесімді жұмысының арқасында пайдаланушылардың кең аудиториясы күн сайын ведомствоның ресми сайтында, сондай-ақ Telegram, Instagram, YouTube және TikTok платформаларында Қарулы Күштердің қызметі туралы өзекті ақпарат ала алады.

Іс-шара соңында генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев бірқатар әскери журналистерге медальдар, грамоталар мен алғыс хаттар табыс етті.

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІ

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ ЖҮГІНСЕК, 1929 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАРАШАСЫНДА ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР» («ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР») ГАЗЕТІ ЖАРЫҚ КӨРДІ. ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПАЙЫМДАУЫНША, БҮГІНГІ «САРБАЗ» – СОЛ БАСЫЛЫМНЫҢ ЗАҢДЫ ЖАЛҒАСЫ.

ТҮП-ТАМЫР

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дейтін орнықты тұжырымы бар. Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі Ахаңның бұл сөзі әлі мәнін жоғалтқан жоқ. Осыдан 145 жыл бұрын іргетасы қаланған (алғаш 1870-1882 жылдары Ташкентте «Түркістан уалаятының газеті» мен Омбыда «Дала уалаятының газетінен» 1888-1902 жылдары жарық көрген) қазақ баспасөзінің ХХ ғасырдың басында («Тұрмыс» 1905 ж., М.Дулатов «Серке» 1907 ж. газеті, М.Сералин «Айқап» 1911-15 ж. тұңғыш журналы, Е.Бұйрин «Қазақстан» 1911-13 ж. газеті, А.Байтұрсынов «Қазақ» 1913-18 ж. газеті, «Еркін қазақ», «Алаш» 1916 ж., «Бірлік туы», «Сарыарқа» 1917 ж., «Абай» 1918 ж., «Жас азамат» 1918 ж., «Ақ жол» 1920 ж., «Шолпан», «Сана», «Темір қазық» 1923 ж.) қалыптасқаны



белгілі.

Айта кету керек, сол кезеңдерде А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Шоқай, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, К.Кемеңгеров, Ж.Ақпаев, М.Тынышбаев, т.б. алаш қайраткерлері қазақ баспасөзінің дамуына зор үлес қосып, газеттер мен журналдарда қазақ халқының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелерін көтеріп, ұлттық сана-сезімінің оянуына, елдегі демократиялық үрдістердің дамуына жол ашты.

Осы кезеңде қазақ баспасөзі қоғамның қай саласына болсын араласып, барлық жанрларда тақырыптық, идеялық жағынан кең өріс алды.

ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІ

1918-1920 жылдардағы кеңестік Ресейде орын алған



азаматтық соғыс қазақ елін де шарпығаны мәлім. Сол кезде қазақ халқы қызыл армия қатарында да, «ақтар» басып алған аудандарда жасақталған партизандық жасақтар құрамында да азаматтық соғысқа

қатысуға мәжбүр болды. Дегенмен, көбісі Кеңес үкіметінің әскери құрылымы қызыл әскерді (жұмысшы-шаруа қызыл әскері) қолдап, оны орнатуға күш салды.

Соған сәйкес Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 жылы жұмысшы-шаруа қызыл әскерін құру туралы декрет шығып, 21 ақпанда жұмысшылар мен шаруаларды қызыл әскер қатарына шақырған үндеу қабылданды. Мұнымен қоса, Жоғарғы әскери кеңес (4-наурызда), әскери комиссариаттар (8 сәуірде), Бас штаб пен әскери округтер (4 мамырда) құрылды. Сол 1918 жылдың 4 мамырында РКФСР ХКК-нің шешімімен құрылған округтің бірі – Түркістан әскери округі. Оның құрамында Түркістан облысы, Каспий бойы аймағы, Самарқан, Ферғана, Сырдария, Жетісу аймақтары болды. Штабы Ташкент қаласында орналасты. Осы кезде 1918 жылдың

қазанынан бастап Ташкентте әскери округтік басылым жарық көрді. Атын бірнеше рет («Красноармеец», «Красный фронт», «Набат революции», «Клич трудового казачества», «Борец за коммунизм», «Еженедельник политработника», «Красноармейская газета», «Красная звезда») өзгерткен сол газет туралы зерттеуші-ғалым Александр Рашков: «Жаңа сападағы әскери басылымды одан әрі дамыту үшін әзірленген негіз ретінде «Красноармеец» газетін Түркістан өлкесіндегі тұңғыш басылым деп айта аламыз», («Қазақстан Республикасы әскери баспасөзінің даму үрдісі» атты зерттеу еңбегінде) дейді. Ғалымның жазуынша, бұл тұңғыш басылымның (1918 ж.) 30-ға жуық нөмірі жарық көрген.

Одан кейін, әрине, ғалымның зерттеуінде келтірілген Орынбор мен Полторацкеде «Кизил юлдуз»-«Красная Звезда», Ақтөбе майданында «Наша фронтовая жизнь» (1919



жылғы мамыр айының соңында), Жетісу майданында (1919 жылдың желтоқсанында) «Бой за коммунизм», Түрк майданында 3-ші Түркістан дивизионы саяси бөлімі органының «Правда» газеттері әскери журналистиканың негізін қалыптастырды. Бұл басылым беттерінде көбінесе, майданнан жеткен хабарламалар, елдің ішкі жағдайы мен халықаралық оқиғаларға қатысты мақалалар «ресми» тілде беріліп тұрды.

Ал, 1926 жылдары елдегі әскери құрылымдық өзгерістерге байланысты жоғарыда түрленген «Фрунзевец» газеті бұрынғыдай Түркістан әскери округіне емес, Орта Азия округіне қарайды. Өйткені, сол жылдың 4 мамырында Түркістан майданы Орта Азия әскери округі

болып өзгерген-ді. Округ құрамына қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан республикаларының аумағы кірді. Осыған байланысты, әскери басылымның да жұмысы кеңейіп, бес республикадағы қорғанысқа бағытталды.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘСКЕРИ БАСЫЛЫМЫ

Жалпы тұңғыш ана тілімізде (қазақ тілінде) жарық көрген газет – «Қызыл әскер». Александр Рожков мырзаның дерегінше, «Qысы әскер» («Қызыл әскер») – Қазақ әскери комиссариатының, кеңес қоғамдық-саяси қорғаныс ұйымының және «Еңбекшіл қазақ» баспасының апталық газеті. Басылым 1929 жылдың 7 қарашасынан бастап, 1936 жылдың 31 қазанына дейін

Алматыда аптасына бір рет, қазақша латын әріптерімен және кішігірім ақпараттар араб әріптерімен жазылып шығыпты. Басылым форматы үлкен – А0.

Газет жазылу арқылы және жеке сатылымға да беріліп отырған.

Газетпен Илияс Жансүгіров, Асқар Лекеров, А.Көшімов шығармашылық қарым-қатынаста болыпты. Шығу мақсаты қорғаныс саласында жүргендерді сөзбен демеу, әскери қызметке жастарды тарту және офицерлердің әскери білімін жетілдіру еді. Газет бетінде алғашқы әскери дайындық (соның ішінде әйелдер үшін де), шетелдегі әскери жаңалықтар, сонымен қатар, ақын-жазушылардың өлеңдері мен әңгімелері жарық көріпті.

Баса айта кететін жайт, сол уақыттың өзінде фотолар,

кестелер, түрлі қызықты суреттермен қоса, мақалалар публицистикалық стильде жазылып, соның арқасында қазақша әскери терминдер қолданысқа енгізілген екен. Бұл газеттің тігіндісі бүгінде толық болмаса да, бірді-екілі нөмірі Алматыдағы ғылыми-техникалық ақпараттық орталығында сақталған.

«ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ АЛТЫН ПАРАҒЫ»

1941 жылы Ұлы Отан соғысы кезеңде қарумен бірге қолдарына қалам алып, майдан даласының шежіресі болған майдангерлер әскери баспасөздің дамуына едеуір үлес қосты. Олар Кеңес әскері жауынгерлеріне рух беріп, олардың ерлік ісін қаламдарына арқау етті. Ана тіліміздегі басылымдардың қатары көбейіп, қазақ тілді әскери баспасөздің

жүгі едеуір көтерілді. Осы кезеңді тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаев «қазақ журналистикасының алтын парағы» деп санайды. Оның айтуынша, қазақ тілінде 20-ға жуық майдандық, армиялық және дивизиялық газеттермен қоса, жүздеген жауынгерлік парақшалар шығып тұрған. Материалдар жауынгерге жететіндей тілмен, ашық, қызықты жазылып, нақты бағытталғандығымен ерекшеленген. Ол кездегі майдандық басылымдар жауынгерлердің бойындағы жауға деген жеккөрушілік қасиет пен оларды жеңіп шығуға деген құлшынысын арттырды, өз Отанын шексіз сүюге тәрбиеледі. Елімізден соғыста 70-ке жуық журналистер қызмет жасады. Дәл осы басылымдардан әскери қазақ публицистикасы шығып, кейіннен қатайған.

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСІ

1969 жылы Орта Азия әскери округі қайта құрылғанда еліміздің әскери баспасөзі «Боевое знамя» газеті дүниеге келді. Сексенінші жылдың ортасында осы газетте өзге ұлт өкілдерімен бірге, бір қазақ журналисі жұмыс істеген екен. Ол – бүгінде қазақ әскери журналистикасының атасы саналатын Сапарғали Жағыпаров.

Қызмет еткен сол жылдарды еске ала: «1984 жылдары Боевое знамя» газеті А-2 форматта, күн сайын, жүз мыңнан астам таралыммен шығып тұрды. Өз алдына редакциясы бар басылымды басқарды. Редакцияда тәжірибесі мол әскери журналистер, шамамен 50 шақты адам жұмыс істеді.

Мәскеудегі Львов атындағы жоғары-саяси училищесін бітірген тұңғыш қазақ

әскери журналисі Сапарғали Жағыпаров лейтенант кезінен-ақ осы газетпен тығыз байланыста болған. Тынық мұхиты флотында жүріп, қаламын серік еткен Сапар аға тек «Боевое знамяда» ғана емес, еліміздің басқа да басылымдарында қазақ тілінде әскери тақырыптарды қаузады.

ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, запастағы полковник Сапарғали Жағыпаров қазір әскери ортада сыйлы, оны білмейтіндер кемде-кем. «Боевое знамядағы» кезеңінен бастап бүгінге дейінгі қаламы түспеген Сапар ағаның өмірі бізге де үлгі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ – «ҚАЗАҚСТАН САРБАЗЫ»

Тәуелсіз Қазақстан армиясының жаңа тарихы 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарулы Күштерді құру туралы Жарлығына қол қойған күннен бастау алды. Қазақстанның Қарулы Күштерінің дербес құрылымы өмірге келгеннен соң, араға алты сай салып, «Боевое знамя» газетінің базасында ҚР Қорғаныс министрлігінің органы «Қазақстан сарбазы» – «Воин Казахстана» газеті өз оқырмандарына жол тартты.

Газеттің алғашқы санының жарық көруі 1992 жылдың 16 желтоқсанына тұспа тұс келді. Аталмыш басылым өзінің алғашқы санын ел Президентінің ақ батасымен ашып, тұсауын кесті.

Газеттің тұңғыш бас редакторы Виль Рахманқұлов болды. Одан кейін есімі бәрімізге таныс Сапарғали Жағыпаровқа бас редакторлық бұйырды.

«Қазақстан сарбазы» – «Воин Казахстана» газеті А-2 форматта, 4-беттен, аптасына екі рет, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Бұл

басылым Қазақстан Қарулы Күштерінің қалыптасуы мен дамуына өзінше үлес қосты. Әр қадамы, әр жолы осы газет беттерінде айқын көрініс берді», - дейді сол кезді еске ала Сапар аға.

Иә, сол кезде газеттің әр қызметкері өзінше үлес салмағын бөліскені рас. Атап өтсек, әскери тақырыпқа қалам тербеген Совет Сейітов, Марат Нұрсейітов, Кәкімхан Құттыбаев, Сәндібай Күмісбеков, Шәміл Хайруллин, Борис Грибачев, Алтынбай Дәуренбеков, Жүніс Омар, Әубәкір Смайлов, марқұм Құдайберген Медиманов, Марат Жүніс-Бек, Мұхарбек Махамбет және т.б. «Қазақстан сарбазында» қолтаңбалары қалды.

АТАУЫ «САРБАЗ» БОЛЫП АУЫСТЫ

2008 жылы «Қазақстан сарбазы» атын (2007 жылдың аяғына дейін «Қазақстан сарбазы» (Воин Казахстана) деген қосарланған атпен шығып тұрды) өзгертіп, «Сарбаз» газетіне айналды. Газеттің бас редакторы Ярослав Голышкин болды. Ал қаржы жағынан басқару «Қазақстан ГАЖ орталығы» акционерлік қоғамына берілді.

Сол тұста «Сарбаз» газеті қазақ және орыс тілінде А-3 форматта, аптасына бір рет, 16 беттік болып шығып жүрді. Сонымен қоса, «Айбын» журналы да жарық көріп, әскери басылымның қатары толықты.

Кейін атауы өзгерген осы газеттің бас редакторлық тізгінін қаламы қарымды, белгілі журналист Ерғазы Әсембеков ұстады. Ерағаң бұл газетте соңғы өмірін сарп етті. Бес жыл бойы басқарған басшы газеттің мазмұнына ғана емес, бет-пішініне де өзгеріс әкелді. Қара шаңырақтағы ұжымды ұйыта білген марқұм Ерағаңың еңбегі өлшеусіз. Ол кісі

өмірден озса да, елеулі ісі газет беттерінде қатталып қалғаны сөзсіз.

БҮГІНГІ БАСПАСӨЗ ТЫНЫСЫ

2015 жылы «Қазақстан ГАЖ орталығы» АҚ-ның еншілес «ГИС Әскери медиа» ЖШС құрылып, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы осыған қарады. Жеке отаудың тізгіні сол кезде Нұрғали Бақтиярұлына бұйырды. Ал бас редакторлық қызметті журналист Қойшыбай Есентаев атқарды. Кейін бұл қызметтерге Батырхан Қуатбек лайықты болып танылды.

Батырхан Серікұлының тұсында аталмыш серіктестік құрамына тағы да бір «Әскери заңгер» атты басылым қосылды. Және заманға сай «sarbaz.kz» сайты жұмыс істеді.

2019 жылдың ортасына дейін бас газетіміз пішінін өзгертіп, D-2 форматта, аптасына бір рет, 6 бет – қазақ тілінде, 6 бет – орыс тілінде оқырмандарға жол тартты. Алғашқы беттің сол жақ қапталындағы ақпарат және әр беттегі айдарлар мен тақырыптар мемлекеттің тілдік саясатына байланысты латын қарпінде шығып тұрды.

Қазақ әскери баспасөзінің 90 жылдығынан кейін газет ісі қаражат тапшылығына ұшырады. Соған байланысты бүгінде редакция ұжымы қашықтықтан қызмет етіп, сол қаражатқа байланысты бет-пішіні өзгертіліп, 8 беттік (4 бет – қазақ, 4 бет – орыс тілінде) боп, жарық көріп жатыр.

Иә, қорыта айтар болсақ, жаңа сападағы «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы еліміздің қуатты Қарулы Күшін дәріптеуде, айбынды әскердің абыройын асқақтатуда дәстүр сабақтастығын әлі де жалғастыра бермек.



САПАРҒАЛИ ЖАҒЫПАРОВ:

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ



КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ 7 ҚАРАША – ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТ КҮНІН КӘСІБИ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ АТАП ӨТІП ЖҮРМІЗ. БҰЛ КҮН 1929 ЖЫЛЫ «ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ ГАЗЕТТІҢ АЛҒАШҚЫ НӨМІРІНІҢ ШЫҒУЫНА ОРАЙЛАСТЫРЫЛЫП, ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН. ОСЫ АТАУЛЫ КҮНГЕ ОРАЙ ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІНЕ СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ АРДАГЕРІ, ЗАПАСТАҒЫ ПОЛКОВНИК САПАРҒАЛИ ЖАҒЫПАРОВТЫ ӘҢГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК. ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСІ ӨМІРЛІК ЖОЛЫН, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ БАСЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ЖАЙЫНДА КЕҢІНЕН ОЙ ҚОЗҒАДЫ.



– Сапарғали Нұрдәулетұлы, сізді біздің оқырмандар жақсы біледі. Әскери журналистикада көп жыл еңбек еттіңіз, былай айтқанда, жілігін шағып, майын іштіңіз. Осы саланы таңдауыңызға не себеп?

– Бала күнінен арманым әскери журналист болу еді. Ауылымның адамдары осы ойымды естігенде таңғалатын. Неге десеңіз, көбіне жастар ол кезде ауылшаруашылық, не болмаса пединститутты таңдайтын. Мен болсам, айдаладағы, яғни, батыс Украинадағы Львов жоғары әскери-саяси училищесіндегі журналистика факультетін таңдадым. Бұған Дәуқара ауылымдағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктері әсер етті. «Батырдың бәрі батыл болмас, батылдың бәрі батыр болмас» демекші, сонау соғыс майдангерлерінің жүректеріне салған салмағы ауыр, суыққа да, ыстыққа да төзіп, қанды шайқаста да бар күш-қайратын салып, аянбаған жерлестерімнің батырлығы туралы халыққа жеткізгім келді.

Сол ауылымның батырлары, «Қызыл Жұлдыз» ордені иегерлері барлаушылар Шалабай Қанашев, Жүсіпбек Махметов, «ЗИС-5» автомашина жүргізушісі Қасен Омаров т.б. туралы мектепте оқып жүріп облыстық, республикалық газеттерге жазып тұрдым.

Осылай арманым жол ашылды. Дегеніме жеттім.

– Сапар аға, сіздің алғашқы қадамыңыз Тынық мұхит флоты Приморье флотилиясының «Боевой призыв» газетінен басталды. Сіз сол кезде «Адмирал Сенявин» крейсеріндегі мұхит жорықтары жайында жазған екенсіз. Ол еліміздің «Лениншіл жас» газетінде де жарық көріпті...

– Иә, «жүректен із кетпес қызық көрсек, жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек...» деп Абай атамыз жырлағандай, Тынық флотындағы қызметіме байланысты талай қызықты оқиғалар болды. Соның ішінде біздің елден флот қызметіне шақырылған теңізшілермен байланысты

естеліктер әлі есімде. Жауынгерлік кемелермен, әсіресе, «Адмирал Сенявин»



крейсерімен мұхит жорығына шығып, адал мінезді, өздеріне сенімді, әскери антына берік, оқу-жаттығуларда шеберлік танытқан теңізшілермен бірге жүріп, олардың ерліктеріне таңғалдым.

Мысалы, капитан-лейтенант Сергей Сағытов қазақ, орыс теңізшілермен бірге болып, шымырлаған ақжол толқынында жауынгерлік 800 килограмдық тот басқан теңіз миңасын залалсыздандырмағанға куә болдым.

Осы, басқа да еліміздің теңізшілердің жігерлері жайында «Лениншіл жас», «Көкшетау правдасы» (бүгін «Көкшетау») т.б. баспасөз бетіне жазып тұрдым. Осындай ерліктер бүгінгі жастарға әскери-патриоттық тәрбиесінде неге үлгі-өнеге болмасақ?!



– Кейін Орта Азия әскери округінің «Боевое знамя» газетінде қалам тербедіңіз. Қазақтан шыққан тұңғыш әскери журналиске көзқарас қалай болды?

– Орта Азия «Боевое знамя», Батыс топтар әскерінің «Советская Армия» («Наследник Победы») (Германия жерінде) редакцияларында қызмет атқарғанда да басқа ұлттардың ортасында ешкімнен кем болған жоқпын. Қазақ екенімді мақтан тұттым. Намысымды биік ұстауға тырыстым. Жазған шығармаларым тақтада мақтаныш ретінде ілулі болды. Өз міндетімнен басқа редактордың тапсырмасымен журналистердің тәрбие жұмысымен де айналыстым.

– Ал еліміз тәуелсіздік алған кезде сіз «Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана» (бүгінгі «Сарбаз») редакция газетін басқардыңыз. Басшы ретінде редакция құрамын жасақтау, газет ісін жүргізу сияқты істерді қолға алдыңыз. Сізге ол қиынға соқпады ма?

– Өтпелі кезеңде бұрынғы Орта Азия әскери округінің «Боевое знамя» газеті жабылып, журналистер

елдеріне кете бастады. Мен де еліме оралдым. Маған тәуелсіз еліміздің «Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана» басылымының бас редакторы болу бақыты бұйырды. Сөйтіп, 1992 жылы 16 желтоқсанда газетіміздің алғашқы нөмірі жарық көрді. Демек, тәуелсіз еліміздің қазақ әскери журналистикасы сол 90 жылдардан басталды деп айтуға болады.

Алғашқы бетте қаржы жағынан қиыншылық болды. Бірақ та газет

Қорғаныс министрлігінің баспаханасында басылды. Сондай-ақ тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың қолдауының арқасында аса ауыртпалық көрген жоқпыз.

Бастапқыда журналистердің саны аз еді. Дегенмен, оқырмандармен тығыз байланыста болдық. Жиі-жиі іссапарда болып, оқырмандармен кездесіп, тапсырма беріп отырдық.

Сонымен бірге, Қорғаныс министрлігінің, Қарулы Күштерінің Бас штаб басшылары бізбен кездесіп, әскердегі болып жатқан мәселелерді айтып, қандай бөлімдерге көңіл бөліп, озат тәжірибелері туралы жазуға болады, соның бәріне ой қосып, кеңестерін беретін.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деп, біз – журналистер газет бетінде Отан қорғаушылардың жақсы қызметімен бірге, олардың шешілмеген мәселелері туралы жаздық. Погон таққан журналист-офицерлер фототілшімен алыстағы гарнизондарда болып, жауынгерлік дайындық, тыл жұмысына байланысты мәселелерді кеңінен жазды.

– Иссапар демекші, 1996 жылы, тіпті, ел асып, қызметтік сапармен тәжік-ауған шекарасына барғаныңызды естідік. Білуімізше, бір жарым айдай болып, «Қазбат» жауынгерлерімен кездескен екенсіз...



– 1996 жылы Фотостудия басшысы полковник Қайыр Дінбаянов екеумізге Тәжікстанның Таулы Бадахшан облысындағы Қалайхумб жеріне баруға жол бұйырды. Ол жерде тәжік-ауған шекара күзетінде біздің Қазақстан батальоны шоғырланған еді. Бізді батальон командирі подполковник Алексей Володин жылы шыраймен қарсы алып, шекарада болған жағдайды айтып берді.

Алексей Андреевичтің Таулы Бадахшанда қызмет еткеніне 8 жыл болған екен. Оның жергілікті жерді, шекараның бергі, арғы бетін бес саусақтай білетініне көзіміз жетті. Сондай-ақ, шекараның арғы жағында жау қимылдай бастаса, Володин тез шешім қабылдап, сарбаздарымен

бірге моджахедтерге шабуыл жасайды. Қалай болса да, жауды шекарадан өткізбейді.

Осы Қалайхумб жерінде суық хабарды естідік. Өкінішке қарай, 1995 жылы 7 сәуірде 17 қазақстандық жігіттер ерлікпен қаза тапқан екен. Оқиға былай өрбіген, 7-ші құрама бітімгершілік ротасы шекарада содырлардың кенеттен қарулы шабуылына тап болады. Қысылтаянда біздің шекарашылар төрт сағатқа созылған шайқаста жауға қарсы ерліктерімен әскери борыштарын толығымен орындап, моджахедтерді шекарадан өткізбейді. Айтылған ұрыста 17 жігіт батырлық танытып, қаза болады. Ал, отыздан астамы ауыр жарақат алады. Мен олардың ерлігі жөнінде «Қазақстан сарбазы

- Воин Казахстана», «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттеріне очерк жаздым. Артынан көп уақыт өтпей, батырларға Астанада ескерткіш ашылды.

– Өзіңіз білесіз, сіз басқарған «Қазақстан сарбазы» газетінде 2007 жылдың соңында құрылымдық өзгерістер болды. Бүгінгі «Сарбаз» атауын иеленді, редакция қайта жасақталды. Кезінде әскери шенділер қызмет етсе, сол жылы азаматтық өкілдер келіп, тыңнан түрлен салды. Оларға әскери тақырып таңсық болса да, газет ісін шама-шарқынша қолға алды. Бірақ сол кезде «азаматтық саладағы адамдар емес, әскерилер

газет ісін жүргізу керек еді» деген пікірлерді жиі естідік. Сіздің ойыңызша, оған не кедергі болды?

– «Айтылмаса, сөздің атасы өледі» демекші, 2007 жылы Қорғаныс министрлігіне жаңа басшы Даниал Ахметов келді. Сол кезде «Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана» редакциясында өзгерістер басталды. Кешегі министрліктің орталық органы болған басылым әскери-патриоттық газетке айналды. Сол кездегі редакцияны басқарған полковник Серік Қанапиянов оған келіспеді. Менің де ойым редактордың позициясымен сәйкес келді. Сол жылы рапорт жазып, әскерден отставкаға кеттім. Сол кез бәрімізге түсініксіз болды.



Шынын айту керек, еліміз тәуелсіздік алған кезде біздің жаңа құрылған «Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана» журналистері «Қалқан», «Отан сақшысы» ұжымына үлгі-өнеге болып, көмек көрсеткен еді. Ол жөнінде менімен кездескенде «Отан сақшысы» редакция газетінің бұрынғы редактордың бірінші орынбасары отставкадағы полковник Сағидолла Сиқымбайұлы: «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» демекші, қиналған сәтте қолұшын берген

әріптестерге айтар алғысым шексіз» деген еді.

– Сіз қашанда «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы редакциясының ұжымымен араласып келесіз. Бас редакторлардың бәрімен тығыз байланыста болдыңыз. Сіздің ойыңызша, қай редактордың тұсында газет ісі жанданды?

– Бас редакторлар жөнінде еске алатын болсам, менің

ойымша газетке марқұм Ерғазы Әсембековтың көп еңбегі сіңді. Оның кезінде газет жанданды, қазақ тіліне көңіл бөліне бастады. Әрине, оқырмандардың оған көңілдері толды. «Айбын» журналында көркемдік, танымдық материалдар жарық көріп, оқырман саны да еселенді.

Ғұмырының соңғы бес жылында Ерғазы Әсембеков «Сарбазда» қолтаңбасын қалдырды. Макетті өзі сызып, газеттің безендіруіне күш салды. Осы басылымдарда кезінде қызмет еткен біздерді құшақ жая қарсы алатын. Авторларына, оқырмандарына редакцияның есігі айқара ашық болды.

Ақпарат саласында тәжірибесі молдығының, зейінділіктің, білімдарлықтың, байсалдықтың арқасында шынайы оқырмандарды тартып, газетке жазылуына күш салды.

Одан кейін Батырхан Серікұлын айтар едім. Ол өткен тарихымызды түгендеді. Яғни, қазақ әскери баспасөзін

зерделеп, мұрағатқа барып, алғашқы қазақ әскери газетінің сарғайған бетін тауып, оның тарихы әріден басталатынын айқындады. Осы тарихи деректерге байланысты Қорғаныс министрдің басшылығымен «Қызыл әскер» басылымының 90 жылдығы кеңінен тойланды.

– Иә, сөзіңіз аузыңызда, сол тұста әскери басылымға қатысты дөңгелек үстел өтіп, онда әскери журналистиканы зерттеуші ғалымдар 1929 жылы 7 қарашада жарық көрген «Қызыл әскер» газетімен Қазақстанның әскери баспасөзін байланыстырып еді. Және бүгінгі «Сарбазды» сол басылымның заңды жалғасы деп тапты. Осы орайда сұрайын, сол ғалымдар айтқан бүгінгі «Сарбаз» газеті мен сіз басқарған «Қазақстан сарбазы» газетінің айырмасы бар ма?

– Біле білгенде, кешегі



«Қазақстан сарбазы» бүгінде «Сарбаз» газеті деп аталады. Анығы осы. Бірақ, мен басқарған сол кездегі редакцияны бүгінгі «Сарбазбен» салыстыруға мүлдем келмейді. Арасы жер мен көктей.

Біздің кезімізде штатта отыздан астам қызметкер болды. Осы жерде айта кетерім, жеке бухгалтериямыз және баспасөзге жазылу бөлімі (отделение подписки) қызмет атқарды. Жазылу бөлімінің қызметкерлері газет, журналға жазылу ісімен айналысатын еді. Осылай қайнап жатқан қазанына түсіп күймеген, отымен кіріп, күлімен шықпаған соң ол газетке кері әсер беріп қана қоймай, жағдайды да қиындатады. Жағдай демекші, біздің кезімізде шығармашыл топқа жақсы жағдай қарастырылды. Өзгесін айтпай-ақ қояйын, кезінде біз қаламгерлерге қаламақысын (гонорар) төлейтін едік. Қазір ол ұғымның ұмыт қалғанына қаншама уақыт өтті.

Біз көріп, біліп жүрміз. Бүгінгі «Сарбаз» азғантай ғана ұжым. Солай бола тұра, «Сарбазбен» қоса, «Айбын» журналы мен «Әскери заңгер» газетіне, яғни 3 басылымға бірдей күш салып отыр. Жағдайлары мәз болмаса да, газеттің өміршеңдігіне атсалысып жүрген шығарушы редакторлар – Тимур Әубәкіровка, Ерлібай Қадырбайға, тілшілер Рима Әбеуоваға, Алуа Исакаоваға, Марат Жүніс-бекке, Нариман Дюсеновке, Фархат Кинжетаевқа т.б. алғысым шексіз.

– Айтпақшы, қазіргі таңда қоғамда баспасөздің болашағына, өміршеңдігіне күмән келтіріп жатады. Көпті көрген адамсыз, заман талабына сай газеттер жабылып, басылымдар



жұмысын тоқтатуы мүмкін бе?

– Жоқ, олай болмайды. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының мынадай сөзі бар: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Бұл қанатты сөз бүгінгі таңда да маңызын жойған жоқ. Газет – қоғамның жаршысы. Интернет-сайт ол тек жаңалықтарды ғана таратады. Ал басылымдар – еліміздің рухани қазынасы, елдің айнасы. Алысқа бармай-ақ «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы жаңалықтардан басқа да еліміздің, Қарулы Күштеріміздің тарихын, сарбаз, сержант, офицер, генералдардың өмір-тіршіліктерін жазады. Сондай-ақ жастардың әскери-патриоттық тұрғыда тәрбие беру құралы, батырлар ерлігінің жаршысы. Сөздің қысқасы, ұлтымыздың тағы бір жанашыры Міржақып Дулатовтың «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор» деген сөзін еске алып, ел барда, қоғам барда баспасөз жойылмайды деп нық сеніммен айта аламын.

– Сөз соңында жолыңызды қуып, қалам тербеп жүрген әріптестеріңізге не айтар едіңіз немесе тілегіңіз бар ма?

– «Ең абзал нәрсе ақыл, бәрінен күшті – көркемдік, барлық нәрседен артық – еңбек» дейді атам қазақ. «Сарбаз», «Айбын» ұжымына көкіректеріңіз күмбірлеген

домбыраның күйінде болып, әрдайым шабытты, сарқылмас бақытты болыңыздар дегім келеді.

– Уақытыңызды бөліп, бізбен сұхбаттасқан сізге де алғысымыз шексіз. Аман болыңыз, аға!

**Сұхбаттасқан
Рима БІЛӘЛҚЫЗЫ**



ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ЖУЫРДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ДАРХАН АХМЕДИЕВТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН БРИФИНГ ӨТТІ. СПИКЕР ҚОҒАМ МЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІН АРМИЯНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ПРОЦЕСТЕРІ, АЯҚТАЛҒАН ЖОБАЛАР, ӘЗІРЛЕНІП ЖАТҚАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛУ САТЫСЫНДА ТҰРҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТКЕН БОЛАТЫН. МӘСЕЛЕН, БҮГІНДЕ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН БЕЙНЕСАРАПТАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ ЕКЕН. ОЛ ӘСКЕРИ ОБЪЕКТІНІҢ АУМАҒЫНА ЗАҢСЫЗ КІРУГЕ ТЫРЫСАТЫН БӨГДЕ АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУҒА, АДАМНЫҢ КЕЛБЕТІН, АВТОМОБИЛЬ НӨМІРЛЕРІН ТАҢУҒА, АДАМДАРДЫҢ ЖИНАЛУЫН ЖӘНЕ ҮЙ-ЖАЙЛАРДАН ШЫҚҚАН ТҮТІНДІ ДЕ АНЫҚТАУҒА ҚАБИЛЕТТІ. ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ӘСКЕРИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕ ӘСЕР ЕТКЕН. БАРЛЫҚ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БІРІКТИРЕТІН КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫ ҚҰРЫЛҒАН. ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНДЕ «ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ КАБИНЕТІ» СЕРВИСІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН. ОНДА БАРЛЫҚ БАЯНАТТАРДЫ, АНЫҚТАМАЛАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚЫЗМЕТТІК ҚҰЖАТТАРДЫ БІРНЕШЕ МИНУТ ІШІНДЕ БЕРУГЕ ЖӘНЕ АЛУҒА БОЛАДЫ. БҰДАН БАСҚА, ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙГЕ КЕЗЕККЕ ҚОЮ, ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ МЕН АЗАМАТТЫҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-ЖАЙДЫ ЖАЛДАУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ЖӘНЕ ҰЗАРТУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТҚА АУЫСТЫРЫЛҒАН. ЕНДІ БҰЛ ҚЫЗМЕТТЕР E-GOV ЖӘНЕ E-GOV MOBILE ҚОСЫМШАЛАРЫ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛЕДІ ЕКЕН.



Ал енді ел әскеріндегі цифрландыру процесін жан-жақты талдап, оқырманға түсіндіріп көрелік. Жалпы, әр дәуірдің тарлан тарихы адамзат баласының алдына өзінің заманына сай жаңа талаптар қойып отыратыны бесенеден белгілі. Қазақстан Қарулы Күштері құрылымдарында жүргізіліп жатқан соны жаңалықтың бірі – сала жұмысын цифрландыру. Бүгінгі әңгімені осы төңіректе өрбітпекпіз. Әрине, жаңа бастаманың өз қиындықтары бар. Ол түсінікті де. Өйткені біз бұрын қағазға, журналға жүгінсек, осыдан біраз жылдар бұрын компьютерлендіруге көштік. Кеңседегі келісім қағаздарынан бастап құжаттардың орындалуына дейінгі көзге көріне бермейтін ұзынарқа жұмыстар біртіндеп соған ауысты. Ал енді

цифрландыру дегеніміз не, оған көшкенде не ұтамыз немесе тиімділігі қандай?! Осындай жағдайларды мейлінше түсіндіріп көрелік. Сөзіміз түсінікті болу үшін алдымен Қарулы Күштер құрылымдарынан нақты мысалдар келтіре отырып, бір ғана қорғаныс істері жөніндегі құрылымдар (департамент, басқарма, бөлім) жұмысын тілге тиек етейік. Мәселен, бұрын аталған сала мекемелерінде әскерге шақыруға жататындар, әскерге шақырылғандар және запасқа шыққандарды есепке алу және есептен шығару кітаптары (шағын бөлімдерде арнайы тіркеу журналдары) болатын. Ендігі жерде осы есептердің бәрі цифрландырылып, бір ғана электронды арнаға жинақталатын болады.

Бұл не береді? Біріншіден, департаменттегі (басқармадағы, бөлімдегі) есеп жүргізетін орындаушының саны қысқарады және қол жұмысы азаяды. Бұдан басқа біртіндеп қағазбастылық тоқтайды. Яғни, үнемділік пен тиімділікке жол ашылады.

Екіншіден, әскерге шақыруға жататын жасқа толған бозбала автоматты түрде есепке алынады және шектеулі жасқа жеткен кезде де сол тәртіппен есептен шығарылады. Демек, тіркеу жұмысы екі жаққа да тиімді біржүйелілікке өтеді.

Анықтай кетейік. Бұрын әскерге бармай қалса жігіттер намыстанып, өзін қоярға жер таппайтын. Ал қазір ше?

Жасыратыны жоқ, бүгінде әскерге бармау үшін түрлі-түрлі сылтауларды ойлап табатын жастар көбейіп кетті. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу дегенді ерсі көретіндер де бар. Сала мамандары мұндай азаматтармен тиісті жұмысты жүргізіп-ақ келеді. Бірақ бір жерде тіркеуде тұрған жасөспірім екінші жерде, тіпті екінші қалада тұрып жатыр. Ондайларды таба алмағандықтан полиция қызметкерлеріне де арыз-шағым түсіріп жатады. Бірлесіп атқарып жатқан іс-шаралар жеткілікті. Ал цифрландыру кезінде осының барлығы да бірізділікке келтірілмекші.

Үшіншіден, осы уақытқа дейін тұрақты тіркеуде бір

жерде, ал әскери есепте екінші жерде тұрған азаматтар аз болған жоқ. Осыған орай тағы да сала мамандары арасында анықтау, тіркеу, есепке алу сұрақтарына қатысты үлкен проблемалар туындайтын. Ендігі жерде миграциялық көші-қон кезінде тұрғылықты жері ауысқан азаматтың әскери есептік құжаттары да автоматты түрде тіркелетін болады.

Бұл атқарылып жатқан кешенді іс-шаралардың бірлі-жарым сатысы ғана. Енді осы жұмыстардың қайтарымына және экономикалық тиімділігіне қатысты бірер сөз.

Қорғаныс министрлігінің сала жұмысына жүргізген талдауына жүгінсек,

цифрландыру жүргізілгеннен бергі аз ғана уақыттың ішінде 133 мыңнан аса 17 жасқа толған жасөспірімдер тіркеуге алыныпты. Ал бұл цифр бұрынғы жылдары 110-120 мыңнан аспаған екен. Демек, қағаздық есеп жүйесінің қалай дегенде де тиімділігі цифрландырудан төмен болған.

Мұның сыртында әрбір жасөспірімнің алған білімі, оқыған оқу орындары және басқа ерекшеліктері туралы ақпараттар да осы құжатта электронды түрде белгіленген. Ал, осындай жұмыстарды жүзеге асыру барысында 1 млрд-тан аса теңге үнемделген екен. «Өлі жандар» есептен мүлде жойылды.

Қамту
деректер
індегі қателер

Әскери міндеттілер
ге шақырылғандар

- Өзекті деректер
- Қателерді азайту
- Басқа МО АЖ -мен интеграция

6,8 млн азаматтардан астам, оның ішінде 3,6 млн азаматтар әскери міндеттілер болып табылды





Азаматтарды автоматты түрде тіркеуге алудың нәтижесінде бұрынғыдай тіркеу куәлігі (приписное удостоверение) берілмейтін болды. Бұл шамамен 170 мың адамды құрайды. Бұл жерде де қаншама қағаз, қаншама уақыт және адам ресурсы қысқартылды.

Тағы бір күрделі проблема бар. Бұрын әскерге шақыруды кейінге шегеру немесе мерзімді әскери қызметтен босату мәселесі оған негіз беретін себептерді нақтылайтын құжаттар жинаумен анықталатын. Бұл екі жақты да, анығырақ айтқанда, әскерге шақырылушыны материалдық және моральдық тұрғыда біршама шығынға ұшырататын. Мәселен, қажетті құжаттарды жинау, көшірмелерін растау, оны тиісті орынға тапсыру үшін кей жерлерде ақша төлеуге, оның сыртында белгілі мөлшерде уақыт бөлуді талап ететін. Сала маманы үшін де тиісті құжаттарды анықтау, зерделеу, түгендеу, тіркеу, толтыру сияқты күрделіліктер мен ыңғайсыздықтар туындайтын. Ендігі жерде бұл процестің барлығы да электронды хат алмасу арқылы және электронды нақтылу арқылы жүзеге асатын болады. Нақтырақ айтсақ, әскерге шақыруды кейінге шегеру электронды құжаттың тиісті бағандарын толтыру арқылы жүзеге асырылады. Ол жерде мұндай мүмкіндіктің не үшін және қанша мерзімге берілгені көрініп тұратын болады. Демек, әскерге шақыруға жататын адамның жергілікті басқару органына келіп-кетуі қажет етілмейді. Бұл дегеніңіз ең алдымен уақытты ұтымды пайдалануға және екіжақты тиімділікке жол ашады.

Нәтижесінде адамның әскери қызметтілікке қатысы туралы аталған деректердің барлығы бұрынғыдай қолмен



жасалатын жолмен емес, автоматты түрде электрондық тәртіппен Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне жіберіледі. Ал азаматтар әскери қызмет туралы деректеріне «Egov» және «Mgov» порталдарындағы «Жеке кабинет» арқылы қол жеткізе алады. Мұндай қызметтерді жүзеге асыру арқылы бюрократиялық процестерге жол бермеуге толықтай жол ашылады және құжатты орындауға әлдеқайда аз уақыт жұмсалады.

Сонымен қатар әскери қызмет атқармаған азаматтарға бұрынғыдай әскери билет берілмейді. Олардың тиісті құжаттары тұтастай электронды түрде ғана болады.

Жасыратыны жоқ, қазір көптеген азаматтардың кредиттік қарыздары бар. Бұл қатарда әскерге шақырылушылардың да бар екені жасырын емес. Әрине, өмір болғасын, тіршілік болғасын оған ешқандай тосқауыл қоя алмаймыз. Бірер жыл бұрын осы мәселені оңтайландыру мақсатында кредиттік қарызы бар сарбаздарды мерзімді қызметті өткеру кезінде төлемнен уақытша босату туралы шешім қабылданған болатын. Бірақ оны жүзеге асыру кезінде әртүрлі түсініспеушіліктер

және банк саласы қызметінде бюрократтық жолдар көрініс алып жатты. Цифрландыру кезінде азаматтың мерзімді әскери қызметте болғанын дәлелдейтін артық құжаттар жиналмайтын болады, ондай дерек электронды түрде «жеке кабинетте» көрініп тұрады. Деректерге жүгінсек, қазірдің өзінде барлығы 40 мыңнан аса мерзімді әскери қызметшінің құжаттары зерделеніп, олардың 10 мыңнан астамына кредиттік қарызды төлеу процесін кейінге шегеру туралы жеңілдіктер берілген.

Міне, осылайша бір ғана құрылымның жұмысымен нақтылы мысалдар келтірдік. Әрине, бұған қарап саланың атқаратын басқа да кешенді іс-шаралары тоқтап қалады деген ой тумауы керек. Тек жаңашаландырудың барлығы да заман талабына сай жүзеге асырылып жатқанын және алдағы уақытта да солай бола беретінін қайталап айтқымыз келеді. Әрине, есеп жүргізуді цифрландырудың тағы басқа да тиімділіктері аз емес. Сөз орайы келгенде енді солардың біразына тоқталып көрейік.

Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери құрылымдар арасында «Әскери-техникалық мектеп» деген ірі мекеме бар. Мектептің орталық аппараты және көптеген облыстар мен аудандарда

білім ордасының филиалдары жұмыс істейді. Жалпы бағыты – әскери-техникалық мамандар даярлау. Мұнда негізінен жоғары білімі бар азаматтар әскери-техникалық бағытта білім алады және білім алушылардың (нақтысында әскери қызмет өткерушілердің) жас шектеуі бар. Сонымен қатар бұл жердегі білім алу түрі мен әскери қызмет өткеру түрі белгіленген тәртіппен ақылы негізде жүргізіледі.

балалармен танысуға, жолдас, дос болуға, жаңа ортаға тез үйренісіп, еш ұялмай жүруге үйретті. Танысу кешінен бастап барлығы 21 күн бойы «Балдәуренде» демалып жатқан 300-ге жуық бала бір-бірімен тығыз араласты. Барлық 10 взвод бір-бірімен бәсекелес болса да, еш уақытты топтар арасындағы достық бұзылған жоқ. Әрдайым татулық пен достық сақталды. Тәрбиеші-ұстаздардың жетекшілігімен әр күн сайын сан түрлі іс-шаралардың көрермені болдық. Тіпті, өзіміз де өнерлерімізді көрсетіп, достарымыз бен қонақтарды тәнті еттік. Балалар галаконцертте домбыра шертумен, ән айтумен, тағы бірі

интеллектуалды ойында білімін көрсетіп, бас жүлдені иеленіп жатты. Әсіресе, 32363 және 58012 әскери бөлімдеріндегі Ашық есік күндері ерекше есте қалды. «Жас инспекторлар» ауысымына сәйкес бес күндік ашық есік күніне қатысу мүмкіндігіне ие болдық. Бес күн бойы өз ата-аналарымыздың қызметімен бұрынғыға қарағанда анағұрлым жақын таныстық. Ең қызығы, біз тек қана сырттан бақылап қана қоймай, автоматты өзіміз шашып, қайта жинауды, формаларды шектелген уақытта киіп-шешуді, саптық жүрісті үйрендік.

Орталықтың басты мақсаты әскери қызметшінің баласының бойындағы патриоттық

сезімін ашып, қарым-қабілетін ұштау, жеке тұлға ретінде дамуына көмектесу болатын. Демалуға келген әр баланың көкжиегі кеңейіп, көзқарасы өзгерді. Тәрбиеші-ұстаздардың көмегімен жасырынып жатқан көшбасшылық таланттары ашылды. Бейтаныс ортада өздерін еркін ұстап, ашық болуды игерді. Менің ойымша, «Арман аралы» әр бала үшін қуанышқа және ең қызықты сәттерге толы орталық болды. 21 күннің қалай тез өткенін байқамай да қалдық. Соңғы ауысымның жабылу концертінде барлығы көздеріне жас алып, бір-бірімен қимастықпен қоштасты. «Балдәурен»-Қапшағай – шын мәнісінде бақыт аралы, нағыз балалар арман аралы. Әскери қызметшілердің балаларын тамаша көңіл-күйге, мейірім мен махаббатқа бөлеген мекен. Жыл он екі айдың бірін осындай кереметтей оқу-сауықтыру орталығында өткізу мүмкіндігін сыйлаған ҚР Қорғаныс министрлігіне әрі ата-аналарымызға айтар алғысымыз шексіз».

2024 жылы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан барлығы 179 бала тегін демалып қайтты. Оның ішінде Құрлық әскерлеріне қарасты



әскери бөлімдерде қызмет ететін әскери қызметшілердің отбасыларынан 157 бала

Балқаш пен Қонаев қалаларындағы филиалдарда болды. Мысалы, Балқашқа жолдамасы бар 18 баланы қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық жүргізіп, Семейдің темір жол вокзалынан «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Дархан Әжібаев шығарып салды. Оқуды да оқып,

денсаулықты да сауықтыратын мүмкіндікті дұрыс пайдалану керектігін түсіндірді. Балалар екі тілдегі оқу бағдарламасынан бөлек, бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында сан түрлі спорттық, шығармашылық шараларға және үйірмелерге де қатысты. Үш апталық оқу бағдарламасының жоспары әскери істің негіздерін зерделеуге арналған тәжірибелік сабақтарды қамтыды. «Балдәурен» қызметкерлерінің айтуынша, орталық жыл он екі ай бойы

жұмыс жасайды. Бір маусымда шамамен 155 баланы қабылдайды. Тамақтану күніне бес мәрте. Ас мәзірі арнайы мамандардың қадағалауында. Мұнда емдік массаж, су процедуралары, емделу ванналары, коктейль, дәруменді сусындар, минералды радон ваннасы, айналым және атпа суы бар душ, асқазан-ішек жолдарын тазалайтын, ауыз қуысын ширататын, түрлі ауруларға қарсы қолданылатын сумен емдеу, парафинді-озокерит терапиялық, физиотерапиялық, фито және радон инголяциялық ем сияқты сауықтыру шаралары да қамтылған. Бір сөзбен айтқанда, лагерьде әскерге шақырылғанға дейінгі жас жеткіншектер әскери-патриоттық дайындықтан өтеді. Тек әскери қызметшілердің балалары ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен 14-17 жас аралығындағы жасөспірім шақырылады. Ертең елге қорған болар бүгінгі бозбалалар тәрбиеленеді.

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген автор



ӘСКЕРИ МЕДИЦИНАНЫҢ МАЙТАЛМАН МАМАНЫ



ОЛ – КЕШЕГІ КЕҢЕС, БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЗАМАНЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ. ҚАРАПАЙЫМ ҚАЗАҚ АУЫЛЫНЫҢ ҚАРАДОМАЛАҒЫ. КЕЙІН ЕС ЖИДЫ, АҚЫЛ ТОҚТАТТЫ, ЕЛІНЕ ТАНЫМАЛ АТАНДЫ. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ САПЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ҚАЗАҚ БАЛАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУІ ӨТЕ СИРЕК БОЛАТЫН. КЕЛМЕСКЕ КЕТКЕН КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕН БІЗГЕ ЖЕТКЕН, НАҚТЫСЫНДА ӨЗІМІЗ КӨЗБЕН КӨРГЕН АҚИҚАТТЫҢ БІРІ ОСЫ. ОНЫ БӘРІМІЗ БІЛЕМІЗ... БҰЛ КҮНДЕ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА ТҰРАТЫН БАЙҒАБЫЛОВ ТАСТЕМІР АҒА, СОНДАЙ ҚЫСПАҒЫ КӨП ЗАМАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕ «ПОЛКОВНИК» ШЕҢІНЕ ЖЕТКЕН ОФИЦЕР ЖӘНЕ ХИРУРГ, ТРАВМАТОЛОГ, ОНКОЛОГ, Т.Б. БІРНЕШЕ МАМАНДЫҚТЫ ШЕБЕР МЕНҒЕРГЕН БІЛІКТІ МАМАН. ӨМІРІНІҢ КӨП УАҚЫТЫН ТУҒАН ЖЕРДЕН ЖЫРАҚТА ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ӨТКІЗГЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН, «ТАҢ ШАПАҒЫ» АТТЫ ЖЫР ЖИНАҒЫН АНА ТІЛІНДЕ ЖАЗҒАН АҚЫН. ДАНАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАЛЫ КӨЗІНДЕЙ ЖАННЫҢ КҮЛЛІ ӨМІРІ КЕЗ КЕЛГЕН АДАМҒА ҮЛГІ-ӨНЕГЕ БОЛАРЛЫҚ.

Тұғырлы тұлғамен жақын танысуға себепкер – әскери қаржыгер, министрдің орынбасары болған және бүгінге дейін азаматтық салада жауапты қызметтерде жүрген полковник И.Ақломбаев. Содан бергі 20 жылға жуық уақытта мен Тастемір Байғабұлұлының терең ойлы әңгімелерін жиі естіп келемін. Тіпті, рухани інілерінің біріне айналдым.

Т.Байғабұлов 1937 жылғы репрессия кезінде туылған. Қиындықтың көбін көрді. Соғыс кезінде аш жүрді, жалаңаш жүрді. Аяқ киімсіз қар кешіп те жүрген. Қысқасы, бала күнінде тағдыр тауқиметін аз тартқан жоқ. Сөйтіп, бала Тастемір мектеп табалдырығын 11-ге толғанда бірақ аттады. Өзі туып-өскен Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданында 7 сыныпты бітіргеннен кейін «Темірлан» колхозына барады. Сондағы әпке-жездесінің қолында тұрып 1958 жылы орта мектепті бітіріп шығады. Аттестат алған тұста

комсомолдық жолдамамен Бәйдібек ауданына барып, 2 жыл қой бақты.

Еңбек жолын солай бастаған. Бірақ, зерек баланың көңілі жоғары оқу орнында білім алуды аңсап тұратын. Сөйтіп, 1960 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік медициналық институтына түсіп, оны 1966 жылы жақсы бағалармен бітірді.

Осы тұста оның өмірінде ерекше өзгерістер басталды. Әне-міне диплом аламыз деп жүргенде, оқу орнының түлектерімен жеке әңгімелесу сабақтары өткізілді. Әскери комиссариаттардан келгендері бар, оқу орнының басшылығы бар, ер балаларды ерікті-еріксіз жағдайда әскер қатарына алатындықтарын айтты. Сол тұстарда халықаралық әскери жағдай да ушығыңқырап тұрған, біразы соны айтып қорқыныш та білдірді. Бірге оқыған он үш жігіттің бірі әскерге барудан бас тартып еді, арнайы комиссияның шешімімен оның жоғары

оқу орнын бітіргені туралы дипломын кері қайтарып алды, тіпті кейіннен қайта қалпына келтіру құқығынан да айырды. Қалғандары осыдан кейін қайда барсын, сапқа тұрды.

Сөйтіп, медицина қызметінің лейтенанты Байғабұлов әскери қызметті Отар гарнизонында бастап, әскери бөлімдегі медицина қызметінің бастығы болып шыға келді. 2 жыл өткесін қызметі жоғарылап, Түркменстанның Қызыл Арбат елдімекеніндегі әскери госпитальге хирургия бөлімінің ординаторы болып ауыстырылды.

1968 жыл болатын. Осы жерде ол маман ретінде қалыптаса бастады. Ондағы 4 жыл ішінде ота жасаудың барлық түріне қатысты. Жетекшісінен де, әріптестерінен де көп нәрсе үйреніп, тәжірибесі толықты. Біртіндеп ірі-ірі оталар жасауға үзбей атсалысты. Ми клеткаларына, бас сүйектеріне, кеуде қуыстарына, бел омыртқаларына, қуық жолдарына, қысқасы, медицина қызметкерлерінің тілімен айтқанда, «от макушки до пятки» барлық отаға қатысып, жеке өзі де жасап үйренді.

Білімі мен іскерлігін көрсете білген офицер Байғабұловты жоғары қолбасшылық 1971 жылы Ленинградқа 6 айға оқуға жібереді. Нәтижесі жаман емес, оны «өте жақсы»



бағалармен бітіріпті. Соның арқасында ол ендігі жерде қызмет ету орнын таңдау құқығына ие болады. Ал, үздік орындардың қатарында Германияда қызмет ету де бар-тын. Ол осыны таңдайды. Сөйтіп, арада көп уақыт өтпей, Германияның Галя қаласына барып, қызметін жалғастырған. Мұнда 5 жыл қызмет өткергеннен кейін оны Ленинград әскери округіне жіберген. Сондағы саперлар дивизиясына қарасты әскери госпитальде қызметін жалғастырды. Осындағы 5 жылда өзі басқарған хирургия бөлімін шамасы келгенше алға сүйреді. Ол еңбегі бағаланып, басшылық медицина қызметінің майорын Әскери медициналық академияға оқуға жіберді. Оны да жақсы бітіріп, 1981 жылы

подполковник шенін алды.

Отан сарбазы қайда жұмсаса да, қандай қызметке болса да баруға міндетті. Қалыптасқан үрдіспен подполковник сол жылы Камчаткаға ауысады. 3 жылдан кейін жаңа тағайындау алып, ауысқанда қайтадан туған елдегі Орта Азия әскери округіне сұранып еді, тағы да сәті түспеді. Оны Приволжье әскери округінің Тоцк қаласына жіберді. Ол жерде хирургия бөлімінің бастығы болып жақсы қырынан көп көрінді. Бірде қолы жұлынып, салбырап қалған грузин баланы алып келді, соны орнына тігіп, күрделі ота жасады. Көп алаңдады. Бірақ, бәрі нәтижелі болды. Қолбасшының бағалы сыйлығын алды. Артынша қызметі тағы өсіп, әскери округке жетекші хирург болып тағайындалды. Бұл 1984-тің аяғы мен 1985-тің басы болатын. 1986 жылы полковник атағын алды.

Саналы ғұмырының 46 жылын ұстаздыққа арнаған өмірлік жары Сымбат Әжібайқызы екеуінің қыздары Эльвира Қазақстанның Отар станциясында, одан кейінгі Мұрат Түркместанның Қызыл Арбатында, ал Рүстем Ресейдің Ленинград қаласында дүниеге

келген. Қазір бәрі де бір-бір шаңырақтың иесі, үш-төрт баланың ата-анасы. Айгүл және Нұргүл атты келіндері бар. Эльвира – бала дәрігері, Мұрат – инженер, Рүстем – банк қызметкері. Немерелері Ғалия мен Артур әскери қызметте, Меруерт банкте, одан басқалары – студент және мектеп оқушылары. Он немересі, тоғыз шөбересі бар.

Ағамен алғаш кездескен күні еске түсіп отыр. Астанада болатын. Орта бойлы, қараторы келген Тастемір аға алғашқы таныстықтан-ақ баурап алды. Сымбат жеңгей екеуінің Иманжүсіптің үйінде қонақ болып шыққанына небәрі бір сағаттай ғана уақыт өткен екен. Тура сол уақытта мен телефон шалып қалыппын.

Сөйтіп, барар жер таппағандай, машинаның ішінде отырып ұзақ әңгімелестік. Әр сөзін ерекше ыждаһатпен, жоғары жауапкершілікпен түйіндейді екен. Әрине, сөздің басы екеуміздің ортақ танысымызға қатысты басталды.

– 1987 жылы Армия госпиталінің жетекші хирургі болып екінші мәрте Германияға кеттім. Ол жолғы лауазымым да, шенім де – полковник. Көшіп келгенімізге





аз ғана болған, көп қабатты бір үйде тұратын Иманмен таныстым. Ол – жап-жас лейтенант, әскери далалық банктің қызметкері, мен – жетекші хирургпін, - деп өрбітті әңгімесін Тастемір аға.

1990 жылдың аяғы. Осы тұста зейнеткерлікке шыққан Тастемірге неміс халқы шет елдіктерге медициналық дәріс беру мақсатында ашылған әскери кафедраның бастығы болып қалуды ұсынады. Бұрынғы Саратов қаласынан да тұра соған ұқсас ұсыныс түседі. Бірақ қазақ ұсыныс қара баласы Дрезденнен Алматыға көшіп келеді. Үш баласы бар, яғни, төрт бөлмелі пәтер тиесілі. Заң бойынша полковник шеніне жеткендерге қосымша тағы бір бөлме беру қарастырылған және тіркеуге тұрған 6 айдың ішінде баспанамен қамтамасыз етілуге тиіс. Өкінішке орай, Алматы қалалық әкімдігіндегілер оны жалпы кезекке қойып, ақыры үй бермейді. Осылайша, туған елге оралған полковник Байғабылов 4 жыл кезекте тұрып, еш нәтиже болмағасын Қапшағайға (ол кезде солай аталған) барып, қалалық ауруханаға орналасады. Жоғары санатты дәрігерге бұл жерде сұраныс қат екен, бірден хирург, травматолог және онколог болып тағайындалады. (Бұл жерде

1991 жылдан 2019 жылға дейін істеген.) Оған қосымша қалалық әскери комиссариат жанындағы әскерге шақыру комиссиясында қосымша жұмыс істеп жүреді. Арада біраз жыл өткенде, құдай сәтін салып, сол жерден 4 бөлмелі пәтер алады. Сөйтіп жүргенде бір күні әскери комиссариаттан біреу звондап: «Сізді министрліктен бір офицер іздеп жүр», - дейді. Тастемір Байғабылұлы дереу жетіп барады.

– Барсам, әскеркомға Ақпобмаев деген офицер хабарласып, телефонның, мекенжайын беріпті. Әлгіні естігенде төбем көкке жеткендей қуандым. Одан қуанышымды бөлісу үшін үйге жеткенше асықтым. Оны естіген тәтеңнің де есі шығып қалды. Дереву екеуіміз көрсетілген нөмірге қоңырау шалдық. Арғы жақтан Иманның дауысын естіп, тәтең екеуіміз телефонның құлағына таласа беріппіз. Соның бәрін бір сөзбен айтсам, Иманмен жақын араласқанымыз соншалық, ол өзімің баламдай болып кетті. Кәдімгі тұңғыш балам сияқты.

Тастемір ағамен алғашқы таныстығымыз осылай басталған. Екеуіміз әр нәрсенің басын бір шалдық. Сосын әңгіме өзегін өз деңгейіне жеткізбек мақсатпен мен оған келуге уәде беріп қала

бергенмін.

Астанадан ат арытып, Қонаевқа арнайы барып қайттым. Ағамыздың сол бір жолы айтқан өмірлік әңгімелеріне қайталап көз жеткізіп, жүрген жеріндегі қалыптасқан достыққа, бауырмалдыққа бас иіп, бойындағы қадір-қасиетіне тәнті болдым. Көңілі ашық, пейілі кең адам екен. Үйге кірер-кірместен бауыр тарта сөйлеген құдай қосқан қосағы Сымбат Әжібайқызының туып-өскен жері – Жетісу өлкесі. Талдықорған облысы Сарыөзек станциясының тумасы болып шықты. Арғы ата-бабаларының шыққан жері де алыс емес, Қаратал ауданы. 1930 жылдары Түркістан орнағанда әке-шешесі темір жолды жағалап, осы жерге орнығып қалған. Үйіндегі әңгімеміздің тұздығын жеңгеміз жасады.

– Ағаң қызмет бабымен ертерек кетті де, мен Дрезденге бір жылдан кейін келдім. Бір күні терезеден қарап тұрсам, бір келіншек келе жатыр екен. Орысқа ұқсамайды, қазаққа да көп ұқсатпадым. Кішкене қызын жетектеп алыпты. Олар үйді айналып өтіп, ұзап кетті. Әлгі екеуіне ұзақ қарап тұрдым. Іштей «Тоқтатып жөн сұрауым керек еді» деп те ойладым. Бірақ, далаға шықсам да оларды таппай қалатын едім. Содан кейін екі-үш күн өткеннен соң Тәкең жұмыстан келіп: «Осы жерде бір қазақ баласы бар екен, әскери қаржыгер, осындағы далалық банкте істейді екен, - деп айтып келді.

– Қайда тұрады екен, - деп сұрадым.

– Нақтысын білмеймін, осы маңда болуы керек. Кешке сұрап алармыз, мен оны отбасымен қонаққа шақырып келдім. Үйге келетін болды.

Бұл жаңалықты естіген от анасының қуанышында шек жоқ. Дереву ас мәзірін әзірлеп,

керек-жарақтарын түгендей бастайды. Дрездендегі алғашқы қонақ, алғашқы басқосу. Оның үстіне өздерінің қаракөз бауырлары келмекші. Бұл, тіпті, күтпеген қуаныш қой. Сонымен не керек, кеш батып, ел жұмыстан қайтатын уақыт болады. Үй иелері қайта-қайта есікке қарап, қонақтарын тағатсыздана күте бастайды. Олар әлі жоқ. Ара-тұра Сымбат:

– Тәке, шақырған кісілерің қайда кетті, адасып кетпеді ме? - деп қояды.

– Ол банкте істейтін адам ғой, жұмыстан қолы босамай жатқан шығар, - дейді отағасы сенімді түрде.

Сағат тілі 8-ді, одан жылжып 9-ды көрсетеді. Қонақтар әлі жоқ. Екеуара терезеден аулаға қарап қояды. Қазаққа ұқсаған ешкім көзге түспейді.

– Мүмкін, олар келмейтін шығар.

– Жоқ, келеді. «Аға, міндетті түрде барамыз» деп уәде берген. Ол әскери адам ғой, мүмкін қызметте бөгіліп қалған шығар. Күте тұрайық.

Содан шамасы сағат 10 болар, қонақтар келеді. Мына ғажапты қараңыз, отанасы осыдан екі-үш күн бұрын ғана ауладан көрген кішкене қызын жетектеп жүрген келіншек енді олардың үйінің табалдырығынан аттап тұр.

– Олардың жасы шамамен 22-23-те, біз 40-тан асқанбыз, - дейді Сымбат Әжібайқызы.

– Тәкең – полковник, Иман – лейтенант. Соған қарамастан екі жақтың алғашқы танысуы бір-бірімізге қайталанбайтын шат-шадыман көңіл сыйлады. Өте жақсы отырып, бір-бірімізге көп жақсы тілектер айтып тарқастық. Сол күні Әлия қызымыз мені «әже», ал Тәкеңді «ата» деп атап кетті.

Кейін өз немерелерімізден бұрын «ата, әже» деген Әлияның барлық қылықтарын сағынатын болдық. Ал, маңайымыздағы орыстар «надо же, надо же» деп бізге

таңғалатын.

Қонақтардан кешіккен себептерін сұрамадық, олар да тіс жарып ештеңе айтпады. Сөйтсек, олар біздің үйді таппай жан-жаққа жүгіріп жүріпті. Госпитальға барыпты, штабқа барыпты. Ондағылар біздің тек офицерлер қалашығында тұратынымызды айтқан көрінеді. Олардың госпитальде дәрігер болып істейтін көршісі бар, орыс әйел. Ұят болса да, сұрайын деп Иман соған барған ғой. Сөйтсе, көрші әйел:

– Ол осы біздің үйде, тек бірінші кіреберісте тұрады. Пәтері үшінші қабатта оң жақтағы бірінші есік, - депті.

Осылайша Имандар біздің пәтерді зорға дегенде тауыпты. Артынан білдік, біз олармен бір үйде тұратын болып шықтық. Сонда әуреге салып жүрген ағаңның мекенжайды айтпағаны мен Иманның сұрамағаны ғой.

Қызықтың жалғасын қараңыз. Сол жолы олар бізді қонаққа шақырып кетті. Айтылған күні киініп жаттық та, мен:

– Олар қайда, штабта тұра ма?, - деп сұрадым.

Тәкең:

– Білмеймін, - дейді. Міне, қызық.

Сәйкестікті қарасаңызшы, тағы да жаңағы дәрігер орыс әйеліне барып, енді біз Имандардың мекенжайын сұрап тұрмыз. Ол:

– Ақпобмаев па, ол мына пәтерде тұрады, көршіміз ғой, - десін. Бір-бірімізді сөйтіп тапқанбыз. Кейін осыны айтып көп жылдар күліп жүрдік. Оны ешқашан да ұмыта алмаспын, бауырым.

– Тағы бір қазақ отбасы болды, - деді жеңгей. – Жаңағы кездесуден кейін көп ұзамай, бүгінде Алматыда тұратын Бекежан бауырым мен Майра сіңлімді тауып алдық. Германияда жүргенде осы үш үй өте жақын араластық. Күні бүгінге дейін туған бауырдан артық араласамыз. Сенсеңіз, бәрі де кино сияқты көз алдымыздан бұ-ү-үй-ітіп өті-іп жатыр.

– Енді сол Бекежандармен таныстықтарыңыз қалай басталды, соны айта отырсаңыз, - дедім мен әр нәрсені білгім кеп отырғанын білдіріп.

Терең бір ойға шомып кеткен Тастемір аға басын тік көтеріп, тамағын бір кернеді

де:

– Бір күні маған Иман: «Осы жерде тағы бір қазақтар бар екен» деп айтты. Менің жұмыстан қолым босамайтын. Таңнан кірген госпитальден кеш батқанда бірақ шығамын. Басқа жаққа жүріп-тұруға уақыт жоқ. Жетекші хирург болғасын ауыр науқастың бәрі мен арқылы өтеді. Хирургия, терапия, тіпті, гинекология бөліміне түскендердің бәрін тексеруім керек. Кез келген отаға өзім қатыспаған күннің өзінде ауруына қатысты жазбаша түрде келісім беремін. Әскери тәртіпті өзің білесің, азаматтық өмірдегідей емес. Міне, сөйтіп жүргенде ғой, Иманжүсіптің жаңағын айтып келгені. Бекежан КЭЧ-те істейді, ал отбасы туралы хабарымыз жоқ. Содан Иманға тапсырып, біздің үйге қонаққа ертіп келуін сұрадым.

Екі-үш күннен кейін Иманжүсіп пен Жаңыл Бекежан мен Майраны ертіп Тастемір ағаларының үйіне келген. Тағы да үлкен кездесу, тағы да үлкен қуаныш. Одан кейінгі кездерде бұрынғыдай емес, үш отбасы болып жиналу дәстүрге айналды. Бастары көбейіп, өрістері кеңіп тамаша

болды. Ал демалыс күндері, мейрам күндері міндетті түрде жиналады. Әрине, көбінесе ер кісілердің қолдары босамайды. Сымбат, Жаңыл, Майра үшеуінің күн ара қолы бос. Естен кетпес Дрезденнің кілең жақсы жерлерін жалықтастан аралап шығатын. Білмейтіндердің есіне сала кетейін, Дрезден деген – барлық корольдердің тұрған жері, тарихи мекен. Олар, міне, сол корольдердің тұрған жерлерін аралайды, бақтарды аралайды. Қысқасы, қандай жақсы жер бар, соларға көп баруға тырысатын.

Кейін олар жан-жаққа тарқайды. 1990 жылы Германиядан бірінші болып Байғабыловтардың отбасы Алматыға оралды. Сағынған, аңсаған, күткен армандары орындалды. Біраз жыл өткен соң әртүрлі себептермен Қапшағайға тоқтаған. Дәм солай тартыпты.

Бір күні Сымбат апай жұмыстан келіп, есікті ашып жатқанда, іштегі телефон тынымсыз шырылдады. Аяқ киімін шешпестен төрге озып, ойында ештеңе жоқ, тұтқаны көтерді.

– Алло, бұл кім екен?
– Тәте, қалайсыздар, мен ғой...

Арғы жақтағы адамның дауысы таныс, дәл қасында тұрғандай естілді.

– Менің кім?
– Мен Иманжүсіп қой...

Бауырының атын естігенде төбесі көкке жеткендей қуанған Сымбат өзін қоярға жер таппаған. Жақын жерде тұр екен деп:

– Ойбай, Иман сен қайдан жүрсің? Қане, дереу үйге келе ғой, - дейді.

– Жоқ, қазір келе алмаймын, Алматыдамын...

– Қайдан келдің, қайда жүрсіңдер? - деп әпкесі оны сұрақтың астына алып жатыр.

– Өткенде айтып едім ғой, Павлодарда тұрамыз. Енді Алматыға ауысып келдім,





Қорғаныс министрлігінде қызмет етемін. Өздеріңіз қалыптастырған дәстүр бойынша, жаңа тағайындау алғаным туралы баяндап тұрмын, тәте.

– Рахмет, жаным. Сендерді өте сағындық. Қуаныштымын. Енді үйге келіп кетсеңші, - дейді күтпеген қуанышты бастан өткізіп тұрған Сымбат әпкесі қоймай-қоймай.

– Тәте, міндетті түрде келеміз. Уақыт жылдам ғой, кездеспегенімізге 8 жылдан асыпты. Бастысы, енді сіздерді қайдан іздеу керек екенін білемін...

Телефонмен болған шағын әңгіме екі жаққа да қанат бітіргендей болды. Бір келіп-кететінін айтып еді, соған қолы тимеді. Сондықтан сәл босай қалса, Тастемір ағасы мен Сымбат әпкесіне телефонмен хабарласып жүрді. Бірін-бірі көре алмай, әне-міне деп жүргенде Ақмолаға ауысып, тағы да қоныс аударды. Қарым-қатынастары тек телефон арқылы жалғасып, одан кейін тағы екі жылды араға салып, күтпеген кездесу болған. Содан бері жұптарын жазбай араласып келеді.

– Марат бауырым, тамақ алып отыр. Қысылма. Өз үйіңдей көріп, еркін отыр.

Бұл – біздің әңгімемізді бөлмей тыңдап отырған Тастемір ағаның сөзі.

– Аға, алып отырмын, рахмет.

Шай құйып отырған Сымбат Әжібайқызы:

– Әңгімеміз енді жарасып келе жатқан сияқты, сіз шай алып отырыңыз, - деп қостады.

Аға әңгімесін одан әрі жалғастырды:

– Айта берсе, Иман бауырымыздың жақсылықтары көп. Әрқашан тосынсыйлар жасап жүреді өзі. Ал, адамға не керек?! Менің түсінігімше, бұл тірлікте аз ғана көңіл, бір-біріне деген сүйіспеншілік, сыйластық қана керек. Одан артық бақыт болмайтын да шығар?!
Бұл сөздің астары бар. Шынын айтсақ, олар зейнетке шыққалы қаншама жылдар өтті. Тіпті, кейбіреулер медицина қызметінің полковнигі Тастемір Байғабыловтың Қарулы Күштер қатарында қызмет еткенін ұмытып та кеткен, болмаса білмейді де.

Алыстан ат арытып, Қонавқа арнайы барғанда ерлі-зайыпты Тастемір мен Сымбат Байғабыловтардың бұдан да көп салиқалы әңгімелерін тыңдап, дария көңіл, кең пейілдерін көріп, ішкі сырларына терең бойлағандаймын.

Тастемір ағаның түп негізі жақсы ғой. Ол сонау бала күнінен, тіпті, ана сүтімен, әке тәрбиесімен бойына қаншама асыл қасиеттерді қалыптастыра білген. Оның отбасы, ошақ қасында алған тәрбиесі терең. Жақсы жігіт, кең пейілді азамат, нағыз полковник болып қалыптасуына тура осы,

отбасылық тәрбие негіз болған...

Машинама отырдым да кері жолға шықтым. Жалғыз болғасын ішім пысып, сәлден соң диктофونимды қостым. Бірақ, жазу үшін емес, жазғанымды тыңдау үшін. Арғы жақта қазақтың кең сахара даласындай пейілдерін жұдырықтай жүректеріне сыйғызып, сырларын бүкпесіз ақтарған абыздардың дауысы саңғырлап тұр.

Келе жатып ойға баттым. Сәлден соң тіл ұшына сұрақ оралды: «Шынында да мақтауға, мадақтауға тұрарлық қадір-қасиеті болмаса, бұрын танитыны бар, кейін танысқандары бар, бәрі бірдей Тастемір аға туралы қаншама жақсы сөздер айта ма?»

– Әрине, жоқ. Онсыз да қысқа ғұмырда кез келген адамның бойынан тек жақсылықты көріп, оны ең жақын адамындай бағалай білу керек. Қарт сардар, жоғары санатты дәрігер, Қонаев қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі Тастемір аға – соның бәрін бойына жинай білген тұлғалы азамат, нағыз полковник. Қазақта осындай азаматтар көп болса, біздің ұлт ешқашан жаман болмайды, - дедім өзіме-өзім жауап беріп.

Тағы бір нәрсені айтуға тиіспін. Полковник Байғабылов – қазақ халқының нар тұлғалы ұлдарының бірі генерал Жансен Кереевпен

қызметтес әрі отбасымен өте жақын араласқан, сыйласқан азамат. Екеуінің бұл тақырыпта айтқан әңгімесі де талайға тағылым боларлық.

Генерал Жансен ағамыз бас хирург болып қызмет ететін жерлесінің саяжайына келгенді, сондағы табиғат аясында еркін тыныстап отырғанды ұнатады екен. Қызметтен қолы қалт еткен шақтарда қолына кетпен, күрек ұстап қара жұмысқа да кірісіп кеткен кездері аз болмапты. Сөйтіп ауылға, кең далаға деген сағынышын басатын көрінеді. Үйдегі альбомдардың ішінен тауып алған төрт-бес фотода генералдың өз достарын қасына ертіп келіп, Тастемір ағаның саяжайында демалып отырғаны, жұмыс істеп жүргені, т.б. кескінделіпті. Айтпақшы, сол үйде отырып көрген баяғы кинопректормен түсірілген дауысы жоқ отбасылық фильмде де сол саяжайдағы кездесулерінің бірнеше түрі сақталыпты. Қандай керемет, қандай тағылым! Алла сәтін салса, ол өз алдына дербес шығармаға арқау болуға тиіс...

«Жұмыстың да, тұрмыстың да нағыз полковнигі» танылған Тастемір Байғабылұлының өмір жолдары, күнделікті тыныс-тіршілігі қай уақытта болса да және кімге болса да үлгі-өнеге болары ақиқат.

Марат ЖҮНІС-БЕК



«ДУХОВНАЯ СИЛА СИЛЬНЕЕ ФИЗИЧЕСКОЙ...»

«Физическая и духовная сила взаимодействуют посредством сознания, долга и любви к народу, ради интересов которого идешь и вступаешь в бой. Следовательно, надо воспитывать у людей сознательную любовь к Отчизне, каждый должен отчетливо понять, за что он борется... Вообще героизм и смелость - не дар природы, а результат сознательного воспитания», - вспоминал Герой Советского Союза, писатель, ученый, общественный деятель Малик Габдуллин. Занимающие особое место в его деятельности вопросы воспитания молодежи в русле патриотизма, остаются актуальными и сегодня.



Родился он 15 ноября 1915 года. Семья была многодетной: семь братьев и три сестры, но они все умерли в голодные 1930-е годы. Отец Малика, Габдулла Елемесов, свободно владел арабской графикой, латиницей и по тем временам считался грамотным человеком. Мать Алия Елемескеліні умерла в 1932 году.

Места, в которых протекали его детство и юность, издавна славились знаменитыми историческими деятелями. Из тогда Кокчетавской, а ныне Акмолинской области вышли и заняли видное место в истории казахского народа: хан Абылай, его внук Кенесары Касымов, выдающийся и талантливый руководитель национально-освободительного движения первой половины XIX века, его верный соратник

Наурызбай, славный батыр Балуан-Шолак, любимый народом за свободолюбие, гордую непокорность и так талантливо описанный советским писателем Сабитом Мукановым, акыны Биржан сал и Акан серэ. Недалеко от Кокшетау в Айыртауском районе в селе Сырымбет родился и жил первый казахский просветитель Шокан Уалиханов.

В 1929 году Малик окончил аульную школу. Ему хотелось учиться дальше, но для поездки в Кокчетав не было необходимых средств, да и отец не хотел отпускать единственного сына. Что делать? И вот юноша, следуя примеру любимых батыров, не боявшихся трудностей и испытаний, решает покинуть родной дом. С молчаливого согласия бабушки Мадиян, он с немалым трудом

добирается до Кокшетау, где в то время, как говорили, готовили для поступления в педагогический техникум.

Близкий родственник, старый учитель Нурмухамед Кошимов принял теплое участие в судьбе юноши, убежавшего из глухого аула, чтобы учиться. Кошимов устроил Малика в казахскую деткоммуну, где он окончил в марте 1931 года семилетку.

В 1935 году Габдуллин окончил Казахский педагогический институт имени Абая. Работал заместителем редактора газеты «Қазақстан пионері», научным сотрудником Института литературы и языка КазФАН СССР, в 1938-1946 годах учился в аспирантуре КазПИ имени Абая.

Великую Отечественную войну - от начала до конца - Малик Габдуллин прошел



в составе знаменитой Панфиловской гвардейской дивизии. Принимал активное участие в битве за Москву. Малик был назначен политруком роты, а затем и комиссаром батальона, которым командовал прославленный капитан Гундилович. Именно из этого батальона Панфиловской дивизии вышли двадцать восемь гвардейцев, сражавшихся у разъезда Дубосеково.

«Духовная сила сильнее физической. Скажем, на тебя идет танк. Если ты не будешь бояться, будешь действовать смело, то победа за тобой. Это доказали 28 героев-панфиловцев и другие. Физическая и духовная сила взаимодействуют посредством сознания, долга и любви к народу, ради интересов которого идешь и вступаешь в бой. Следовательно, надо воспитывать у людей сознательную любовь к Отчизне, каждый должен отчетливо понять, за что он борется... Сознательность, любовь к Родине и народу рождают у человека ненависть к врагу. Вообще героизм и смелость - не дар природы, а результат сознательного воспитания», - вспоминал Малик Габдуллин.

В наградном листе

на присвоение Малику Габдуллину звания Героя Советского Союза отмечалось:

«Село Бородино, с боем отбитое у немцев, являлось важным стратегическим пунктом, из которого ряд дорог соединял немцев со Старой Руссой. На наше подразделение, расположенное у села, немцы бросили полк дивизии «Мертвая голова». Для срыва наступления гитлеровцев рота автоматчиков во главе с товарищем Габдуллиным была послана для удара с правого фланга по наступающему противнику. В течение боя, занявшего около 7 часов, тов. Габдуллин пять раз ходил в атаку... В ходе боя противник, потеряв сотни солдат убитыми и ранеными, отступил. Село Бородино осталось за нами».

За образцовое выполнение боевых заданий командования на фронте Малик Габдуллин был награжден орденами «Красной Звезды», «Красного Знамени», «Отечественной войны» 1-й степени, медалями «За оборону Москвы», «За победу над Германией», «За взятие Вены» и другими.

О характере героя ярко говорит следующий факт: летом 1943 года ему дали отпуск для поездки на родину, но вместо того, чтобы быть в кругу семьи, он весь свой отпуск провел в поездке по

всему Казахстану, принимал участие в многотысячных митингах, где он рассказывал народу о подвигах панфиловцев, о том, что фашист не так страшен и что его можно бить и остаться при этом живым.

В письме поэту Кайнекею Жармагамбетову от 10 сентября 1944 года Малик Габдуллин писал: «Я лично, скажу тебе, не мечтал о свершении каких-то особенных подвигов, о



звании Героя. Все помыслы мои сводились к тому, чтобы честно выполнить свой долг перед Родиной. Как я выполняю свой долг - об этом скажет народ. И тому, кто честно его исполнит - почет и уважение».

С 1944 по 1946 годы Габдуллин работал начальником отдела агитационной работы в Политуправлении 1-го Прибалтийского фронта. Принимал участие в освобождении Белорусской ССР, Прибалтики, в боях в Восточной Пруссии. Находясь непосредственно в действующих частях, он проводил большую агитационно-пропагандистскую работу,

особенно среди бойцов нерусской национальности, мобилизуя их на выполнение боевых задач. Радостный День Победы Малик Габдуллин встретил в Австрии, будучи на службе в Главном Политуправлении.

Вернувшись с войны, Малик Габдуллин занялся научно-педагогической деятельностью. Работал директором Института литературы и языкознания АН Казахской ССР, ректором КазПИ имени Абая, заведующим отделом фольклора Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова АН Казахской ССР. Дважды являлся депутатом Верховного Совета КазССР. В своих исследованиях Малик Габдуллин изучал героический эпос, народные песни, айтасы, сказки, пословицы и поговорки казахского народа.

За глубокий научный труд «Казахская былина «Кобланды батыр» в 1947 году Габдуллину была присвоена степень кандидата филологических наук, а в 1959 году, после публикации литературоведческого труда «Устное поэтическое творчество казахского народа», он получил ученую степень доктора филологических наук. В 1961 году стал действительным членом Академии педагогических наук СССР.



Малик Габдуллин принимал участие в подготовке и издании многотомной истории казахской литературы. В 1972 году его научный труд «Казахский героический эпос» был удостоен премии имени Чокана Валиханова.

В фондах музея имени Малика Габдуллина в Кокшетау хранятся статьи воспитанников академика с теплыми воспоминаниями о нем. Бахтияр Сманов, доктор педагогических наук, профессор, так вспоминал своего учителя: «... Герой Советского Союза, писатель-ученый, академик Академии педагогических наук СССР, профессор Малик Габдуллин и при жизни был



легендой в устах народа, и сейчас его имя в народе произносят с глубоким почтением. Видные деятели литературы, культуры, науки в своих трудах всесторонне раскрыли образ легендарного героя. Так, например, известный советский писатель Борис Полевой, академики Юрий Соколов, Митрофан Сильченко, Нина Смирнова, народные поэты Жамбыл Жабаев, Нурпеис Байганин, Доскей Алимбаев, Шашубай Кошкарбаев, Галым Малдыбаев, Иса Байзаков, Каип Айнабеков, Калка Жапсарбаев и многие другие посвятили свои научные

изыскания и литературные творения этой теме».

Труды видного казахского ученого-педагога, писателя, заслуженного деятеля науки Казахской ССР в настоящее время хранятся и в Библиотеке Елбасы. Среди них учебник Малика

Габдуллина для вузов «Устное народное творчество казахского народа», который до сих пор не утратил своей актуальности и активно используется педагогами. А также его учебник для 8-9 классов «Қазақ әдебиеті» («Казахская литература»), пособие «Родителям о воспитании детей». Воспоминания Героя Советского Союза Габдуллина о войне вошли в его труд «Фронтовые очерки».

Исследовательский труд Серика Негимова «Малик Габдуллин» посвящен жизни и творчеству писателя.



В этой книге впервые были опубликованы документы Центрального государственного архива Республики Казахстан: протокол защиты дипломной работы, переписка с выдающимися личностями, письма в аспирантские годы, эссе и стихи Малика Габдуллина. В числе трудов о Малике Габдуллине также произведения известного казахского писателя, поэта-фронтовика, ветерана ВОВ Азильхана Нуршаихова. В десятитомнике его произведений, посвященных всем солдатам-героям

Великой Отечественной войны, есть повесть-монолог «Тоғыз толғау», посвященная героизму Малика Габдуллина.

Память о подлинном сыне и патриоте своего Отечества казахстанцы свято чтят.

Именем Малика Габдуллина названы улицы городов и школы страны. В 1995 году в городе Кокшетау был открыт музей Малика Габдуллина. Факультет военно-гуманитарных наук Национального университета обороны носит имя Героя.

Фархат КИНЖИТАЕВ

«Қуатты армия – Жаңа Қазақстан»



2024

АІВҮН

